



ТЕМІРЖОЛ БИЛЕТІ НЕГЕ ТАПШЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТАҢҒАЛДЫРҒАН «ТАЛАПАЙ»

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан жаһандық және аймақтық серіктестерімен достық қарым-қатынасты нығайту үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Біз қазіргі жағдайда Орталық Азиядағы бауырлас елдермен аймақтық әріптестік орнатуға баса назар аударамыз. Ел ішінде әділдік, заң үстемдігі, теңдік және әділ сот төрелігі қағидаттарын енгізу үшін реформа жүргізуге бағытталған тиісті шараларды қолға аламыз. Заң мен тәртіпке негізделген менің ұстанымым – айқын. Бұл – «Жаңа Әділетті Қазақстанды» құрудың берік негізі.

№84 (4517)

Сейсенбі 18 шілде 2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖАҒАЖАЙДЫ

ЖАҒАЛАЙДЫ ҚАЛЫҢ ЖҰРТ

Бүгінгідей күн ерекше ыстық болып тұрған шақта өзен-көлге суға түскенге не жетсін?! Осы орайда қала тұрғындары үшін жағажайдың жан сергітері айқын. Астанада жаз мезгілінде суға шомылуға жағдай жасалған. Қала аумағында тұрғындардың суға түсіп, күнге қыздырынуы үшін жан-жақты жабдықталып, төрт жағажай жұмыс істеп тұр. Алайда, суға шомылушылардың қарапайым қауіпсіздік талаптарына мән бермейтіні, өкінішке қарай, қайғылы жағдайға да жеткізеді.

4

20 МИЛЛИОНҒА ЖАҚЫНДАДЫҚ

Қазақстан халқының саны 20 миллионға жақындап қалды. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2023 жылғы 1 маусымдағы дерекке сәйкес, еліміздегі халық саны 19 миллион 879 мың адамға жетті.

Ел тұрғындарының 61,9 пайызы немесе 12 297 100 адам – қалада, ал 38,14 пайызы немесе 7 581 900 адам – ауылда тұрады.

2023 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстанға келгендер саны 2022 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда 91,8 пайызға артып, кеткендер саны 45 пайызға азайды.

Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мем-

лекеттерімен болған. Достастық елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі – 89,5 және тиісінше 72,1 пайызды құрады.

Өңіраралық қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырымы еліміздің 3 өңірінде байқалды: Алматы (12 145 адам), Астана (11 424 адам) және Шымкент (571 адам) қалаларында.

Астаналық спортшы Жәмила Бақбергенова Будапешт қаласында өткен күрес түрлерінен төртінші рейтингтік халықаралық турнирде чемпион атанды.

ЖАРАЙСЫҢ, ЖӘМИЛА!

72 келі салмақта сынға түскен Ж.Бақбергенова алғашқы қарсыласын қиналмай-ақ ұтты. Екінші айналымда канадалық балуанды жеңді. Үшінші кездесуінде моңғолиялық Энхамарды 4:2 есебімен тізе бүктірді. Ал финалдық белдесуінде италиялық Далма Ганеваны 3:1 есебімен ұтты.

Осы жарыстан кейін Жәмиланың рейтингтік ұпайы еселенді. Бұл ұпайлар 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиада ойындарына іріктеуден өтуге мүмкіндік береді.



ЭЛЕКТРОНДЫ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Елімізде жалпыға бірдей декларациялау бойынша салық есебін қағаз түрінде тапсыру мерзімі аяқталды. Бұл жөнінде Мемлекеттік кірістер комитеті мәлімдеді.

Қағаз түрінде жалпыға бірдей декларациялау бойынша салық есебін тапсыру мерзімі 2023 жылдың 15 шілдесінде аяқталуы тиіс еді, алайда бұл күн демалыс күні болғандықтан декларация тапсыру 17 шілдеде аяқталды. Ал электрондық түрде тапсыру 2023 жылдың 15 қыркүйегіне дейін жалғасады.

Комитет өкілдерінің мәліметінше, бүгінгі таңда 1,5 миллионнан

астам жеке тұлға 250.00 нысанды «кіру» декларациясын ұсынды.

Қазақстанда 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың екінші кезеңі басталған.

Жеке тұлғалар декларацияны тұрғылықты жері бойынша, ал жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар орналасқан жері бойынша тапсырады.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.17 \$ USD/KZT 446.48 ₰ RUB/KZT 4.95 ¥ CNY/KZT 61.21

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№84 (4517) 18/07/2023 Сейсенбі

САУД АРАБИЯСЫНА БАРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 18-19 шілдеде «Орталық Азия + Шығыс» аймағындағы араб мемлекеттерінің

ынтымақтастық кеңесі» атты мемлекеттер басшыларының саммитіне қатысу үшін Сауд Арабиясы Корольдігіне жұмыс

сапарымен барады. Сондай-ақ саммит аясында бірқатар екі-жақты кездесу өткізу жоспарланған.

4 МЫҢНАН АСА АДАМ СОЛТҮСТІККЕ КӨШТІ

Бұл туралы Премьер-Министр Әлихан Смайылов мәлімдеді. «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылы Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы (бұдан әрі – тұжырымдама) қабылданды.

Тұжырымдаманың бір бағыты – бұл қоныс аудару бағдарламаларын қайта қарау есебінен жұмыс күші артық және жұмыс күші тапшы өңірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті теңестіру үшін қазақстандықтардың ішкі ұтқырлығын ынталандыру»

деді Үкімет басшысы Сенат депутаттарының сауалына берген жауабында.

Әлихан Смайылов қазір ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасы аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанын айтады. «Мәселен, 2023 жылы 8 652 адамды

көшіру жоспарланып, осы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 4 140 адам немесе жылдық жоспардың 48 пайызы (қандастар 1 032 адам және қоныс аударушылар 3 108 адам) солтүстік өңірлерге қоныс аударды» деді Премьер-Министр.



ЖЫЛУ НЫСАНДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордадағы инфрақұрылым нысандарының құрылысы мен жылумен қамту жүйелерінің алдағы жылу беру маусымына дайындығын тексерді.

Астанада тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің бірқатар нысандары, соның ішінде газбен жұмыс істейтін жылу станциялары, ауыз су станциясының құрылысы (2-кезең) мен №3 жылу-электр орталығы салынуда.

Ресми ақпарат бойынша, 2023-2024 жылдары күзгі-қысқы кезеңге дайындық негізінде №1 және №2 жылу-электр орталықтарының бірқатар қазандықтары мен турбиналары бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Жұмыстардың бір бөлігі қазірдің өзінде аяқталды. Сондай-ақ, №1 және №2 жылу-электр орталықтарының аумағында сыртқы газбен жабдықтау желілері салынды. №1 жылу-электр орталығындағы барлық 10 қазандық пен №2 жылу-электр орталығының ыстық су қазандықтары қайта жөндеудің негізгі бөлігі табиғи газды, көмірді немесе мұнайды жағу мүмкіндігіне арналған оттықтарды ауыстыру болып табылады. Сондай-ақ, «Астана-

Энерго» АҚ нысандарын аралау барысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары мен Астана әкімі жабдықтардың тозуын азайту, елорданы сенімді энергиямен қамтамасыз ету, сондай-ақ іске асыру жоспарланып отырған келешегі зор жобалармен танысты. Сонымен қатар, қоршаған ортаға кері әсерін азайтуға бағытталған жаңа технологияларды енгізуге қатысты жұмыстарды көзімен көрді.

Жеңіс Қасымбек қаланы қосымша жылу көлемімен қамтамасыз ету мақсатында «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» екі газ жылу станциясының құрылысы жүргізіліп жатқанын атап өтті. Олардың қуаттылығының көлемі құрылысы ұзақ мерзімге созылған №3 жылу-электр орталығының қуаттылығынан асып түседі. Газбен жұмыс істейтін мұндай жылу электр стансаларын биылғы жылыту маусымында кезең-кезеңімен іске қосу жоспарлануда.

Нысандарды аралау барысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары

мен Астана әкімі жаңа ауыз су станциясының жұмысымен де танысты. №3 су сорғыш-сүзгіш станцияның жұмысының бірінші кезеңі іске қосылды, Астана су қоймасынан су құбырының жаңа тармағының құрылысы аяқталды. Бұл қаланы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік берді. №3 су сорғыш-сүзгіш станцияның екінші кезеңін биыл тамыз айында аяқтау жоспарлануда. Сонымен қатар, Нұра жерасты суы кен орнынан су өткізетін құбырды жобалау және Тельман тұрғын үй массивінен су сорғыш-сүзгіш станцияның қуаттарын кеңейту бойынша жобалық жұмыстар аяқталуда. Бұл жобалар алдағы уақытта қаланы ауыз сумен қамтамасыз етуге қосымша қуат береді.

Сонымен қатар, мердігерлерге газ жылу электр станцияларының, №3 жылу-электр орталығының және №3 су сорғыш-сүзгіш станцияның екінші кезеңінің құрылысын белгіленген мерзімде аяқтау тапсырылды.



ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ТАҒЫ ӨСЕДІ

Қыркүйектен бастап дәрігерлер мен фармацевтердің жалақысы тағы өсуі мүмкін. Денсаулық сақтау министрлігі тиісті өзгерістерді қамтитын Үкімет қаулысының жобасын әзірледі. Құжат «Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталында жарияланды.

Бүгінгі таңда еңбекақы алатын медицина мамандары мен салалық келісім бойынша еңбекақы алатын ТМККК және МӘМС шеңберінде қаржыландырылатын денсаулық сақтау нысандары қызметкерлерінің жалақысында алшақтық байқалады. Денсаулық сақтау министрлігі бұл алшақтықты жою мақсатында 2023 жылға белгіленген түзету коэффициентін дәрігерлер үшін 2,73-тің орнына 3,42 мөлшерінде, орта медицина қызметкерлеріне 2,05-тің орнына 2,34 мөлшерінде арттыруды ұсынып отыр.



СУ ҚОЙМАСЫН ТАЗАЛАУДЫ БАСТАДЫ

Биыл 11 шілдеде Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте айтылған Президенттің тапсырмасымен, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Астана су қоймасын тазарту жұмыстарын жүргізуді қолға алды.



1970 жылы салынған Астана су қоймасына осы уақытқа дейін тазарту жұмысы жүргізілмеген. Ол елордамызды ауыз сумен қамтамасыз ететін жалғыз су қоймасы. Қойманың жалпы көлемі 410,9 млн текше метр. Қазіргі көлемі

312,36 млн текше метр. Осыдан екі жыл бұрын, Қазгидромет мекемесі батиметрикалық түсірілім жасап, қойманың 46,7 млн текше метрі тұнба екенін анықтады. Бұл – су қоймасының 30%-і. 2023 жылы суға деген сұраныс – 97 млн текше

метр. Оның 46 млн текше метрі қолданылды, жылдың соңына дейін қосымша 51 млн текше метрге сұраныс бар. Астана халқының саны жылдан жылға өсіп, тұтыну көрсеткіші ұлғайғанын ескере отырып, қойманы тереңдету, тазалау бойынша қос жобаны қолға алмақ. Себебі, 2030 жылы Астана халқы 2 млн-ға жеткен жағдайда, 150 млн текше метр су қажет болады.

Тазалау жұмысын бастамас бұрын, алдымен, арнайы сүзгілер су түбінде нақты не жиналғанын анықтаулары тиіс, яғни, жұмыс барысы кезең-кезеңмен жүргізіледі. Мамандардың айтуы бойынша, климаттық жағдайға байланысты, балықтың ұлдырық шашу кезеңін ескере отырып, тазарту процесі кемінде 10 жылға созылуы мүмкін деп болжайды. Себебі, 1 жылда 5 айдай ғана жұмыс істеуге мүмкіндік болады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Оңтүстік Кореяда 3 күн қатарынан тоқтамай жауған нөсер соңы су тасқыны мен лай көшкініне ұласты.

Жаңбыр салдарынан 32 адам, лай көшкінінен 7 адам қаза тапты. Тағы 10 адам із-түзсіз жоғалған, деп хабарлады Уонһар агенттігі. Қаза тапқандардың басым бөлігі Солтүстік Кёнсан оңтүстік-шығыс провинциясында тіркелген. Нөсер жауын салдарынан 211 жол жабылып, пойыз қозғалысы және 12 әуе рейсі тоқтатылды. Елдің орталық бөлігінде лай көшкінінен пойыз рельстен шығып кеткен.



Кейінгі бірнеше жылда күнкөрісі өте төмен азаматтар қатары тағы 165 миллион адамға артқан.

Мұндай жағдайға бірінші кезекте індет пен одан кейінгі экономикалық қиындықтар әсер еткен. Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері осындай ақпарат таратты. Олардың айтуынша, қазір әлем бойынша 1 миллиард 650 миллионға жуық азамат кедейшілік жағдайында өмір сүріп жатыр.



Түркиядағы Чанаккале, Хатай мен Мерсин провинциялары тілсіз жаумен күресіп жатыр.

Күннің ыстығы мен қатты жел кесірінен өрт 700 гектардан астам жерді күлге айналдырды. Осы аптада табиғи өрттер Измир, Муғла курорттық провинцияларында да болып, жалын ошағы тез арада сөндірілді. Зардап шеккендер туралы мәлімет жоқ. Метеорологтар алдағы күндері 40 градусық ыстық Жерорта, Эгей және Мәрмәр теңіздері мен Ыстанбұл қаласының аймақтарында жалғасатынын хабарлады.

МАЙТАЛМАН МАМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада газ саласында 30-40 жыл жұмыс істеген 15 ардагер құрметке ие болды. Салтанатты іс-шараны «Газ саласы ардагерлерінің республикалық кеңесі» қоғамдық бірлестігі «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «Qazaqgaz ҰК» АҚ бірлесіп ұйымдастырды.

Қоғамдық бірлестік 2016 жылдан бастап жұмыс істейді және он аймақтық филиалы бар. Республикалық кеңестің қызметі ұрпақтар сабақтастығы мен тәжірибе алмасу мақсатында газ саласының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде азаматтық белсенділік танытуға, газ саласы ардагерлерінің



мүдделерін білдіруге бағытталған.

Салтанатты жиында 15 құрметті ардагерге «Құрметті ардагер» және «Еңбегі сіңген ардагер» медальдары тапсы-

рылды, оларды иеленгендердің арасында еңбек өтілі 40 жылдан асатын кәсіби газ мамандары бар. Басқосуда аталған ұйымдардың басшылары құттықтау сөз сөйлеп,

газ саласын дамытудағы мамандардың баға жетпес еңбегі мен тәжірибесі үшін алғысын білдіріп, ардагерлерге зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі.

ЖАРНАМАЛЫҚ БЕЛГІЛЕР ЖОЙЫЛДЫ

Астанада 2019 жылы бекітілген қаланың дизайн-кодына сәйкес сыртқы жарнама мен маңдайшаларды ретке келтіру бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл туралы қалалық әкімдіктің ресми сайты ақпарат таратты.



Қазіргі уақытта бекітілген дизайн кодқа сәйкес келмейтін 1200-ден астам жарнамалық элемент бөлшектелді. Мұндай заң бұзушылықтарды жою үшін шағын және орта бизнес иелеріне сыртқы жарнама ны сәйкестендіру туралы хабарламалар жіберіледі. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданында жүргізіледі.

Астана қаласының Урбанистика орталығы маңдайшалар бойынша 400 эскиздік ұсыныс пен ұсыным әзірледі. Құзырлы орталық мамандары келісілмеген сыртқы жарнама визуалды шу шығаратынын, қаланың жалпы көрінісі мен үйдің

келбетін бұзатынын айтады. Мұндағы мақсат – сыртқы жарнаманы ретке келтіру, біртұтас және тартымды қалалық ортаны құру. Мысалы, қазіргі уақытта «Лазурный квартал», «Салтанатты» тұрғын үй кешендері, сондай-ақ Сәтбаев, Түркістан көшелерінің, Мәңгілік ел, Республика даңғылдарының және тағы басқа көшелердің бойында орналасқан тұрғын үй кешендері бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жарнамалық белгілердің сәйкес келмеуі бойынша ұсыныстарды Урбанистика орталығының мына поштасына жіберуге болады: centerofurbanism@gmail.com.

Бас қалада «Семейный капитал» қаржы пирамидасының ұйымдастырушысы ұсталды.

САЛЫМШЫНЫ САН СОҚТЫРДЫ

Ол тұрғын үй сатып алу бойынша жалған бағдарлама жасап, тұтынушылармен келісім-шарт жасасқан. Оның шарты бойынша 300 мың теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі инвестиция, 30-дан 60 пайызға дейін артық төлеммен тұрғын үйді алудың күту мерзімі 6 айдан 10 айға дейін көрсетілген. Соның салдарынан азаматтар уәде еткен пәтерлерін алмаған, салған қаржысы қайтарылмаған. Аталған азамат жалпы сомасы 450 миллион теңгеге жуық материалдық шығын келтірген. Ол қазір уақытша ұстау абақтысына қамауға алынды.

«ҚАҒАРМАННЫҢ» КЕЙШКЕРІ

Елордада қаза тапқан өрт сөндіруші Асқар Забикулин жайында фильм түсіріліп жатыр. Бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында марқұмның әйелі Әнел Забикулина жазды.

«Асқарға және күн сайын өз өмірін қатерге тігіп, отпен күресіп жүрген өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға арналған «Қағарман» сериалы түсіріліп жатыр. Астанадағы түсірілім алаңына біз де бардық. Ол маңда шамамен 5 сағаттай болдық. Әлбетте, фильм түсіру – оңай іс емес. Түсірілім алаңы, жарық, ракурс – бұл бір ғана көріністі түсіру кезінде біз көрген қиындықтардың аз бөлігі. Түсірілім

тобына алғыс айтамын. Фильм көпшілікке ұнайды деп ойлаймын» деп жазды марқұмның әйелі.

Асқар Забикулин 2022 жылы 16 қарашада Астанада өртенген «Қағарман» тұрғын үй кешенінің тұрғындарын құтқару кезінде денесінің 80 пайызын күйік шалған еді. Дәрігерлер оның өмірі үшін бірнеше күн күресті. Өкінішке қарай, ол 20 қараша күні ауруханада көз жұмды.

Жақын арада Ұлыбританияда қызылша ауруы өршуі мүмкін.

Әсіресе Лондондағы жағдай алаңдатарлық. Қалада ауру жұқтырғандар саны 160 мыңға дейін жетуі мүмкін. Жергілікті ережелерге сәйкес, корольдікте ауруға қарсы қапаның алғашқы дозасы, балаға бір жасында, сосын 3 жарымға толғанда салынады. Алайда 2000-жылдардың басында британдықтар арасында бұл вакцина аутизм тудыруы мүмкін деген пікір кеңінен тараған. Имундау көрсеткішінің төмен болуы да осыдан.



Франция Парламентінде жақын арада қираған ғимараттарды қалпына келтіру ісін қаржыландырудың жеделдетуге мүмкіндік беретін заң жобасы қаралады.

5 күнге созылған бүлік кезінде бұзақылар 2,5 мың ғимаратты өртеп, зақым келтірген. Олардың арасында мектептер, әкімшіліктер, кітапханалар, полиция учаскелері мен әлеуметтік нысандар бар. Елде тәртіп орнату үшін сақшылар тартылып, шеру өткізуге уақытша тыйым салынды. Сенат арнайы тергеу жүргізетінін мәлімдеді.

Астана халықаралық әуежайында 15 шілдеден бастап 8 тамызға дейін ұшақтар ұшып-қонатын жолақты жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

ӘУЕЖАЙҒА ЕРТЕРЕК БАРЫҢЫЗ!

Жыл сайын жүргізілетін мұндай жұмыстар күнде сағат 11.00-ден 18.00-ге дейінгі уақыт аралығында жалғасады. Осыған орай, әуежай өкімшілігі барлық жолаушыға ескерту жасады.

«15 шілде мен 8 тамыз аралығында жолаушылардың әуежайға ертерек келуін және тіркеуден алдын ала өтуін

сұраймыз. Ұшу кестесін түзетуден туындаған жолаушылар ағынының ұлғаюына байланысты әуежайда жолаушылар кептелісі болуы ықтимал» деп ескертілген ресми хабарламада. Ең абзалы, әр жолаушы әуежайға ертерек жетіп, тіркеу қызметінен өтіп, әрбір ұшақ рейстері бойынша ақпаратқа мұқият зер салуы керек.



«ТҰЛПАР» КӨПІРІ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы «Тұлпар» көпірінің жол төсеміне жөндеу жұмыстарын жүргізуде.

Құзырлы ведомство автокөлік құралдарының қарқынды қозғалысы және жөндеу аралық мерзімнің өтуі салдарынан жол төсемінде шұңқырлар түріндегі көптеген ақау пайдаланысты жол жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылданған.

Бұл көпірдің конструкциясы ме-

талдан жасалғандықтан, асфальтбетон қоспасын төсемес бұрын металл тірекке әуелі гидроқшаулағыш қабат салу жұмыстарын аяқтау қажет. Бұл жұмыс өз кезегінде жөнделетін учаскені ұзақ мерзімге жабуды талап етті. Жөндеу жұмыстары биыл тамыз айының басына дейін аяқталады деп жоспарланған.



ЖОЛ ЖАЗДА ЖӨНДЕЛЕДІ

Жаз – қауырт жұмыс айы. Күннің аптап ыстығына қарамастан Астананың барлық ауданында аулалар абаттандырылып, көшелерде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Есіл ауданында жаяу жүргіншілер жолының төсеніштерін жөндеу және қалпына келтіру бойынша жоспарланған жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте ең алдымен, төсеніштердің тозуы, зақымдануы жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Сонымен, Ботаникалық бақта гранит плиталары мен төсеніштерге ішінара жөндеу жүргізілді. Өткен жылы тұрғындардың өтініші бойынша орталық кіреберіс қосымша пандустармен жабдықталды.

Қазіргі уақытта ауданның 11 ауласында балалар алаңдарын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Шағын сәулеттік формалар жөнделіп, кей жерлерде асфальт жабыны төселді. Сонымен қатар, ішкі жарықтандыру қалпына келтірілуде. Бұл ретте тұрғындардың барлық өтінімі ескерілуде.

Аудан әкімі Асылбек Есенбаевтың айтуынша, қазіргі кезде аудан аумағындағы №66 мектепте 200 шаршы метрге жуық төсеніштерді ауыстыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұнда 2009 жылдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Ауданымыздағы Ақмешіт көшесінде осындай жұмыстар аяқталып, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тегіс пандустар және қоршаулар жасалды. Елордада ауа-райына байланысты

№84 (4517) 18/07/2023 Сейсенбі

Шоғылы маусымы 1 маусымда ашылғанына қарамастан, ТЖД мамандары суға түскендердің тіпті мамыр айында да болғанын растап отыр. Өкінішке қарай, көптеген адам жабдықталмаған шомылу орындарын таңдайды.

Астана қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицерінің айтуынша, елордада суға түсуге қауіпті аймақтар анықталып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Суға батып бара жатқан адамға қандай көмек жасау, қалай құтқару керектігі жөнінде және судан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету туралы арнайы тренингтер мен оқу-жаттығу жұмыстары да жиі өткізіліп тұрады. Күн ысып шомылу маусымы басталысымен арнайы рейдтер жасалып, құтқарушыларды дайындап, еріктілер тобын жасақтап жүйелі істер атқарылады.

– Шомылу маусымы басталысымен қалалық Төтенше жағдайлар департаменті күнделікті патрульдеуге 40 құтқарушыны, сүңгуірлік жарақтары бар 2 бірлік жедел-құтқару техникасын, 6 бірлік қалқымалы құралдарды және Халықты жұмыспен қамту орталығынан 25 қоғамдық қызметкерді жұмылдырды. Соған қарамастан, статистика көңіл көншітпейді. Шомылу маусымы басталғалы бері Астанада 4 адам суға батып кетті. Негізінен жазатайым оқиғалар Қарасу өзенінің маңында орын алады. Осындай қайғылы оқиғалардың орын алуының басты себебі,



СУҒА ШОМЫЛУ ҚАЙҒЫҒА АЙНАЛМАСА ЕКЕН...

Елордада суға шомылу маусымы басталғалы бері қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдарынан төрт тұрғын көз жұмған. Бұл туралы Астана қаласындағы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Азамат Жүмекешов мәлімдеді.

адамдардың қарапайым сақтық шараларын сақтамауы. Алдымен судың температурасына бойларын үйретіп алудың орнына суға күрт сүңгіп кетеді немесе бұрын болмаған, басқа жағалауға жүзуге тырысады. Осындай оқиғалар орны толмас өкінішке алып келіп жатады, – деді Азамат Жүмекешов.

Бұған дейін мәлім болғандай, елордада, қала әкімдігінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі №1-2553 қаулысына сәйкес, шомылуға ресми түрде төрт жағажай рұқсат етілген болатын. Олар: елордалық орталық саябақ, «Три пескаря», «Столичный двор» демалыс аймақтары және Бейсекова көшесіндегі көпір ауданындағы коммуналдық жағажай. Су айдындарының рұқсат етілген және тыйым салынған учаскелерінің тізбесі 2GIS платформасында орналас-тырылған.

– Елордада шомылуға тыйым салынған 21 учаске бар. Қауіпсіздік ережелерін бұзғаны және белгіленбеген жерлерде болғаны үшін Әкімшілік кодекске сәйкес 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделген. Жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға қарамастан, кейде көңілді демалыстың соңы қайғылы жағдаймен аяқталып жататыны өкінішті. Сондықтан

су жағасында демалуды ойлаған адам ең алдымен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтағаны жөн, – деді маман.

Иә, биылғы жаз жылдағыдан ерекше. Әсіресе, шілде айы шіліңгір ыстығымен есте қалатын болды. Сондай аптап күндері кім-кімнің де болсын өзен-көл-

дердің жағасында демалып, суға түсіп, күнге қыздырылғанды жақсы көретіні анық. Әрине, осылайша алаңсыз демалудың пайдасы адам денсаулығы үшін орасан зор. Дегенмен, оның қауіптілігінің де жоғары екенін естен шығармаған абзал. Осы ретте Төтенше жағдайлар қызметі мен арнайы мамандар бекіткен суға түсушілерге арналған қауіпсіздік ережелерін, батып бара жатқан адамды құтқару және алғашқы көмек көрсету тәсілдерін, қысқасы суға

шомылу кезінде болатын тосын жайларды, оқыс жағдайға тап болған кезде қалай әрекет ету керектігін білгені жөн.

Мамандардың мәлімдеуінше, суға түсудегі қауіпсіздіктің ең басты кепілдерінің бірі – жақсы жүзе білу. Бірақ жақсы жүзе алатын адам да үнемі сақ, тәртіпті болып және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы керек. Сондықтан қыр-сыры белгісіз су қоймаларында суға түспеңіз. Өйткені оның түбі терең немесе судың асты адамның денесіне жабысатын балдырлы, суық болуы мүмкін.

Сондай-ақ, жазда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ата-аналардың басты міндеті. Әр балаға шомылу орындарында, жолдарда негізгі ережелерді еске салып отыру керек.

– Ылғи да арнайы белгіленген орындарда, жабдықталған және қауіпсіз жағажайларда суға түсіңіз. Бейтаныс орындарда сүңгуге қатаң тыйым салынады. Гипотермиядан сақ болу керек, ол үшін суда жүзу уақытын біртіндеп көбейту керек. Кішкентай балалардың суда жүзу уақыты 15 минуттан, ал жасөспірімдердікі жарты сағаттан аспауы қажет. Сондай-ақ балаларға суда ойнау қауіпті, олар бір-бірін аяғы мен қолынан ұстап ойнамаулары керектігін білу аса маңызды. Жүзе алмайтын балалардың қауіпсіздік құралдарын қолданғаны дұрыс. Жалпы, қандай да бір қиындықтарға тап болып, өмірін қауіп пен қатерге байла-мас үшін кез келген адам суға шомылу барысында қарапайым қағидаларды қатаң сақтағаны жөн, – деді Азамат Жүмекешов.



ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ – ТАЗАЛЫҚ

Көппәтерлі тұрғын үй қорын тиімді басқару мәселесі қоғамда қашан да өзекті. Осыдан екі жыл бұрын қаладағы биік баспаналардың басым бөлігі басқарудың жаңа түріне көше бастағанда пісіп-жетілмеген реформаға күмәнмен қарап, әліптің артын баққандар да болды. Солардың бірі – елордадағы «Астана су сервис» ПИК-і. Өздеріне қарасты үйлердің тазалығы мен ұқыптылығын басты ұстаным ете отырып, жұмысты жүйелі жалғастырып келе жатқан кооператив мүшелерінің белсенді іс-қимылы бүгінде көпке үлгі.

2023 жылдың 1 шілдесіне дейін еліміздегі барлық ПИК меншік иелерінің бірлестіктеріне немесе жай серіктестіктерге өтуі керек болған еді. Алайда, реформа жүзеге аспай, бүгінде пәтер иелерінің кооперативтері өз жұмыстарын бұрынғыша жүргізуде. Кейбір тұрғын үй басшылары құжаттарын қайта рәсімдеп, МИБ-ке үдері көше бастағанда, Ш.Құдайбердіұлы мен Абай көшелеріндегі 8 үйге қызмет көрсететін «Астана су сервис» ПИК-інің тұрғындары басқарудың жаңа түріне өтуге асықпады. Әдеттегі қалыптан таймай, үйреншікті жұмыстарын жалғастыруда.

Біз келгенде тұрғын үй маңында жүрген жұмысшылардың бірі аула тазалап, екіншісі есік алдында өсіп тұрған гүлдерді суарумен айналысып жатыр екен. Аумақ тап-таза, ағаштар да ерекше күтімде, жайқалып тұр. Бастапқыда осы ПИК-те есепші болып жұмыс істеген Талшын Рамазанқызы соңғы үш жылдан бері тұрғындар-

дың ұсынысымен пәтер иелері кооперативінің төрайымы қызметіне кірісті.

– Біздің ПИК қазір 488 пәтерден тұратын сегіз үйге қызмет көрсетеді. 2020 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бойынша Абай көшесіндегі 101-үйде кіреберісті жөндеу жүргізіліп, 2021 жылы шатыр жабыны жөнделді. Ш.Құдайбердіұлы көшесіндегі №2, №2а үйлерде насостар ауыстырылып, 7 жылу алмастырғыш жуылды. Сол жылы Ш.Құдайбердіұлы көшесіндегі №2/4 үйде ыстық және суық судың барлық құбырлары ауыстырылса, шатыр жабынын жөндеу жұмыстары да ішінара жасалды. Қазіргі таңда сол көшедегі №2 үйде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Аумақты көгалдандыру мақсатында өзімізге қарасты үйлердің маңына 35 шырша, 10 қайың, 15 қара ағаш отырғызылды. Жыл сайын 400-ге жуық түп гүл егеміз. Алдағы уақытта

аудан әкімдігінің көмегімен балалар алаңын абаттандырып, футбол ойнайтын алаңдай салу жоспарланып отыр, – деді Талшын Рамазанқызы.

Кооперативте өз ісін жетік білетін мамандар жетерлік. Атап айтсақ, инженер Қианбек Саденов, электрик Газез Тапеев, сантехниктер Мұрат Қапаров және Ислам Ахметбаев, аула ысырушы Беркімбаев Құсайынов тұрғын үйлерге күтім жасауда уақытпен санаспайды. Құбырларды ағымдағы жөндеу, жарықтандыру, шамдарды ауыстыру және басқа да шаруаларды мінсіз атқарып келеді.

– ПИК шығындары пәтер иелерінің жиналысында бекітіледі, сол себепті үй тұрғыны ай сайынғы мақсатты алым не үшін алынатынын және ПИК қандай жұмыстарды орындайтынын білу үшін жиналысқа қатысуы тиіс. Қыс бойы біздің мамандар қар шығару, жүргінші жолдарындағы қоқыстарды жоюмен, жаз шыға гүлзарларды тазалап, арашөптерді жұлу-



Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

АЛТЫНСАРИНМЕН АРАЛАСҚАН

Әр өңір, аймақтың артында ұрпақ үлгі тұтар айшықты із қалдырған белгілі тұлғалары болады. Сондай есімі Торғай, Қостанай, Ақмола өңіріне белгілі тұлға Таңат Сейдахмет ақын. «Сейдахмет ақын кім?» дегенде әлбетте алдымен тілімізге, қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің есімі оралады. Ел Ыбырай Алтынсарин мен Сейдахмет ақын жақсы араласқан, сыйлас, қадірлес дос-жаран болған деседі.

«Ыбырай Алтынсарин алғашқы хрестоматиясына Сейдахмет ақынның «Бір нашардың әділ төреге айтқаны» атты өлеңін енгізген» дейді Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяны жөнінде көп дерек жинаған және ағартушыны жақсы білген белгілі шәкірті – Әбдіғали Балғынбаев. Негізі Сейдахмет ақынның шығармашылығына ден қойып, алғаш ел аузынан жинақтаған революционер жазушы Сабыр Шәріпов. Ақынның ел арасынан жинақтаған өлең-жырларын мемлекеттік архивке өткізген де осы Сабыр Шәріпов екен.

Сондай-ақ Сейдахмет ақын жайлы деректі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты кітабынан табамыз. Онда А.Байтұрсынұлы Сейдахмет ақынның «Минажат» атты өлеңін талдап, арнайы тоқталады. Сол секілді белгілі ғалым, академик Қажым Жұмалиев «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің ықпалында болып, үлгі алған ақындардың қатарында Сейдахмет, Күдері, Ақмолда, Нұржан ақындардың аттары аталады. Сейдахмет ақынмен есімдері қатар аталған Күдері мен Ақмолда, Нұржан Наушабайұлы XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың сол тұстағы ел арасында зор беделге ие болған ақындары санатына жатады.

Таңат Сейдахмет ақынның шығармашылығын түбегейлі терең зерттеп, ел аралап, тірнектеп жинақтаған белгілі қаламгер – Бөгетбай Әлмағанбетов. 1960-1980 жылдар аралығында республикалық, облыстық басылымдарда мақалалар жариялап, Сейдахмет ақынның шешендік сөздерін жарыққа шығуына үлкен тер төгіп еңбек етті. Сондай-ақ Сейдахмет ақынның өлең жырларын жинақтап «Фибрат» атты кітабын шығаруға зор атсалысты.

Белгілі ақын-журналист Назарбек Бектемісов өзінің «Торғайдың топжарғандары» атты жинағының алғашқы беттерін Сейдахмет ақынға арнап, ақын есімін айрықша атап, Торғай ақындарының мектебін қалыптастырған ақындардың алдына шығарады. Сонымен қатар ел ау-



зынан Сейдахмет ақынның өлең-жырларын жинақтауға қазақтың тұңғыш ақын қызы Мәриям Кәкімжанова, торғайлық ақын Омар Шипин, әйгілі Сатыбалды ишанның құран қари атанған баласы ақын Файзолла, ақын Ғазиз Әмірхамзиндер де өз үлестерін қосқандығын айта кетуіміз керек.

Жоғарыда айтып өткенімізде, С.Шәріпов, ел аузынан Сейдахмет ақынның өлең-жырларын жазып алып, архивке өткізген алғашқы Сейдахметтанушы деуімізге толық негіз бар. Жалпы Таңат Сейдахмет Бейсенұлы ел ақын, шешен деп қана емес, сонымен қатар, дүкен ұстаған зергер-ұста деп біледі. Сейдахмет ақынның өзге ақындардан және бір ерекшелігі қазаққа тұңғыш қырық мысал, өлеңмен қырық хикаят жазғаны дер едік. Зерттеушілер «Сейдахмет Бейсенұлы бұқарашыл ақын» деп баға береді. Сейдахмет ақын өзінің өлеңдерінде өмір сүрген қоғам мен ортаның келеңсіз тұстарын аяусыз ашкерелеп, мінеп, шенеп отырған. Мысалға Сейдахмет ақынның елден садақа,

зекет жинап, зорлық көрсеткен Нағызхан атты қожаға:

Жоқ парыз бұрын да жоқ бізге салсаң,
Малым жоқ беретұғын сөзге нансаң.
Ішкен-жеген тамағым сайда жатыр,
Қырық нәжістен бір нәжіс зекет алсаң,
– дейді.

Сондай-ақ Сейдахмет ақын жұмбақ өлең де жазған. Мәселен, мына жұмбақ өлеңін Алтыбас Бекентай деген кісіге: Құдайым мұндай өнер берген оған,
Маңайым мекен еткен лайлаған.
Бөрі мініп, ешкі ертіп, бір сағым зат,
Келеді есек өңгеріп, түйе айдаған, – деген жұмбақ өлеңін шеше алмағанда жауабын өзі былайша береді.

Қоянның құлағы еді мысалы есек,
Ерін түйе ерніне қылдым есек.
Төрт аяғы бөрінің аяғындай,
Құйрығын ұялмаймыз ешкі десек.
Әлбетте, бұл мақалада біз Сейдахмет ақынның шығармашылығына толық тоқталып, баға беруді мұрат тұтып отырған жоқпыз. Біздің мақсатымыз – Сейдахмет ақынның тұлғалық сипатын ашу. Бұл тұрғыдан келгенде, Таңат Сейдахмет Торғай өңірінен шыққан біртуар тұлға екенін көреміз. Алтын мен күмістен түйін түйген зергерлігі, қиыннан қиыстырар сөз тапқан шешендігі мен ақыңдығы, әнші-жыршылығы ел аузында жүрген сан қырлы қасиетке ие талант иесі екендігіне де көз жеткіземіз.

Торғай елі:
Сөйлесе сөздің шешені,
Бастаса елдің көсемі.
Сейдахмет ақынды,
Әулие адам деседі, – деп құрмет тұтады.
Сейдахмет ақын Ыбыраймен достығын пайдаланып, Қараторғай өңірінде алғаш мектеп ашуға ықпал еткен. Қайсы бір дерек Сейдахмет ақын Қараторғай болысының жарлықпен бекітілген молдасы болған дейді.

Тоқсан ауыз сөзімізді тобықтай түйіндей келе айтармыз, Таңат Сейдахмет – Торғай топырағынан шыққан өз заманы, өз дәуірінің артында айшықты із қалдырған ірі қайраткер тұлғасы. Кеңес кезінде елеусіз, тасада қалып, тәуелсіздік алған жылдары есімі қайыра жаңғырған ақын-шешен, зергер-ұста Сейдахмет Бейсенұлы тарихи тұлға ретінде танылуға әбден лайық.

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, «Қазақстанның
құрметті журналисі»

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

Соңғы жылдары жиі аңғарылатын жөнсіз үрдістің бірі – үлкен буынның, жасамыз аға-апалардың «жиен» деген сөзден жаппай жеріне бастауы. Олар жиенін «немере» деп атағанды айрықша артықшылық көретін тәрізді. Тіпті ел танитын, жастарға жөн көрсетеді-ау деген сыйлы-беделді кісілердің өзінен соны байқаймыз.

«ЖИЕНЕН» ЖЕРУ ЖӨН БІЛГЕНДІК ПЕ?

«Жиен» деген сөз бейне айтуға ауыз бармайтын ұяты атау сияқты өз-өзінен бүгежектеп, ең жоқ дегенде міндетті түрде «жиен немере» деген ойдан шығарылған жасанды атаумен қосақтап айту әдет болып барады. Біздің ойымызша, бұл дағды дәстүрлі ұлттық танымнан тамыр үзе бастаудан келіп шыққан болса керек. Өйткені «внуқтың» қазаққа «немеремен» қатар «жиен» деп те аударылатынын кейбір біліксіздер ескере бермейді ғой. Сондай-ақ соңғы ширек ғасырда ажырасудың, оң жақта отырып «олжабайлы» болған жалғызбасты аналардың көбеюі де бұған әсерін тигізгені анық. Соларға және негізінен өз кіндігінен өрген ұлы жоқ, ішкі қорсыну-комплексі бар кейбір кісілердің көңіліне «жиенді» жақаратып «жиен немере» деп «жаңа» сөзбен немесе тіпті мүлде бұрмалап «немере» деп жағыңқырағандықтан белеу алып кеткен тәрізді. Кейін үлкен-кішінің бәріне «жұқты».

Әрине, ата-ана ұлы болмағанына жазықты емес. «Ал сонда қызынан туған, ол да Құдай берген ұрпағына «жиенім» деп өмірден бұрынғылар жазықты ма?» деген орынды сауал туады. Әлде олардан біздің бірдеміз артық па? Жоқ, әлбетте. Ендеше, әр нәрсені өз атымен атау керек қой, қазақ ұғымда жиен бөлек те, немере бөлек емес пе?!

Құдайға шүкір, қазақ тілі өзге халықтардағыдай туыстық атауға кедей емес, барлық туыстық жіктің жеке-дара өз атауы бар. Бір ғана «брат» деген сөздің алды-артына түсініктеме беруге мәжбүр немесе келін мен қалыңдықты «невеста» деген бір ғана сөзбен атайтын орыс тілінен гөрі, қазақ тілі туыстық атауға бай. Ғылыми тілмен айтсақ, олардың функционалдық қызметі де соншалықты нақты айқындалған, жетілген.

Халқымыздың ежелден

Батырболат АЙТБОЛАТҰЛЫ,
журналист

ӨРЕНДЕРДІ ӨНЕРГЕ БАУЛЫДЫ



Астана қаласы әкімдігінің №2 өнер мектебінде бір ай бойы «Дарындылар елі» атауымен «Жазғы мектеп» жұмыс істеді.

Ұйымдастырушылар балалардың жаз мезгіліндегі демалысын тиімді әрі мағыналы өткізу, жазғы оқумен қамту, жас буынды салауатты өмірге бейімдеу, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттерін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөліп, таланттарын шыңдау, рухани құндылықтарын қалыптастыру

мақсатын көздеді.


Бір ай бойы 100-ден аса оқушы белсенділік танытып, қалаған үйірмелерін таңдап, қатысты. Атап айтсақ, «Әлқисса» және «Күй керуені» (домбыра), «Жетіген сазы» (жетіген), «Жастар жыры» (дәстүрлі ән), «Сиқырлы қылқалам» (сурет), «Ғажайып әуен» (қобыз), «Ән әлемі» (вокал), «Музыка әлемі» (фортепиано), «Еркеназ» (би), «Айналайын» (хор үйірмесі)

үйірмелері жұмыс істеді.

«Бала күлкіге тоймас» дегендей, балалар көңілді демалып, жанын әнге, сыңғырлаған күлкіге толтырып, әртүрлі іс-шаралар мен спорттық ойындар, тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. «Туған өлкем» тақырыбындағы ән жырлармен, күйлермен танысу, әңгімелесу, ойындар ойнату, мольбертте суреттер салу, т.б. тәрбие сағаттары жоспар бойынша өтті. Әр сенбі, жексенбі күндері «Көркемсурет» бөлімінің оқушылары Есіл өзенінің жағасында отырып,

қаламыздың биік ғимараттары, көркем сұлу табиғатын ақ парақ бетіне салса, «Музыка» бөлімінің оқушылары қала тұрғындары мен қонақтарына, балдырғандарға арнап «Гүлдене бер, Менің Қазақстаным», «Бақытты балалық шақ», «Біз – Астана гүліміз», «Мен – елімнің ертеңі», «Бала – болашақ», «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты қала саябақтарында концерттер берді. Ұлттық академиялық кітапхана, «Қазақ радиолары» ЖШС және Апатат партиясының ұйымдастыруымен Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күніне орай «Нашакорлыққа жол жоқ!» акциясы өтті. Оған №2 өнер мектебінің «Көркемсурет» бөлімінің оқушылары қатысып, «Есірткіге жол жоқ» тақырыбында суреттер салып, іс-шараға өз үлестерін қосса, «Әкелер» күніне орай Астана қаласы Есіл ауданы Ботаникалық саябақта Астана қаласының Білім басқармасы және Әдістемелік орталықтың ұйымдастыруымен өткен іс-шараға қатысып, шеберлік сағаттарын өткізді.

Гүлшат ЖҰМАБАЕВА,
№2 өнер мектебі
директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары



ТАЛАЙДЫ ТАҢҒАЛДЫРҒАН «ТАЛАПАЙ»

Индира
БЕРЖАНОВА

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақ филологиясы мамандығы бойынша магистратурада оқитын Айнұр Полатова былтыр «Талапай» атты жобасын дайындап, осылайша қазақтың төл мәдениетін кеңінен дәріптеуді ұйғарды. Негізгі көздегені – ұлттық ойындардың брендин қалыптастырып, жастардың қызығушылығын арттыру.

«Жобаны бастау туралы ой антикафеде отырғаныма келді. Мұндай жерлерде әдетте жастар шетелдің түрлі ойындарын көп ойнайды. Ал солардың орнын алмастыратын қазақы дүние бар ма деген сұрақ мені мазалады. Көбі тек мұндайда тоғызқұмалақты ғана біледі. Бала кезден көріп келе жатқан тоғызқұмалақтың өзі көк пластиктен жасалған. Дизайны жастарды онша тарта қоймайды. Одан басқа, небір ойындарымыз тасада қалады. Нарықта ұлттық ойындарды шығаратын бірде-бір бренд жоқ. Сондықтан өз басым гаджетке телмірген жасөспірімдердің назарын өзіміздің ұлттық құндылықтарымызға аударуға, сонымен қатар шетелге шыққанда көк шоколадты ғана алмай, ұлттық ойындар арқылы да мәдениетімізді таныстыруға болатын жоба керек деп түсіндім. Артымнан пайдалы

Көне мұра саналатын, ұлттық болмысымызды айшықтайтын қазақы ойындарды ұмыт қылмай, қайта жаңғырту, сол арқылы бренд қалыптастыру – астаналық студент Айнұр Полатованың арманы. Осыған орай «Талапай» атты жобасын қолға алып, көпшілікке таныстырып жүрген жастың бастамасына қызыққандар көп. Ойын әлемнің бес еліне таралып үлгерді. Оған тіпті франциялық танымал компания Louis Vuitton қолдау білдіріп, талапты қызбен бірлесе жұмыс істеу үшін Парижге шақырды.

дүние қалса екен деген ой мені алға жетеледі» дейді ол.

Айнұр өз жобасын жасамас бұрын, елордадағы бірқатар кітапханалардан ұлттық ойындар туралы еңбектер мен энциклопедияларды ақтарып, олардан тың ақпарат іздестіріп, жүйелі зерттеу жұмысын жүргізсе керек.

Құрамына «Бес тас», «Құмар», «Ағаш үй» бестемшесі, «Тұмар» бестемшесі, «Тоғызқұмалақ» секілді бес ұлттық ойын кірген «Талапай» жобасы шынмен кез келгенді таңғалдырмай қоймайды. Сөмке тәрізді ағаштан жасалған, қазақы оюмен қашалған қорапқа қызықпау мүмкін емес. Ойын жас ерекшелігін талғамайды. Үлкенге де, кішіге де арналған. Десе де, бұл ойындар төрт жастан асқан балаларға ұсынылады.

«Құмар» – ұмыт қалған ойын. Асықпен ойналады. Көбі атауын естігенде таңғалады. «Бестемше» – тоғызқұмалақтың қарапайым түрі. Ойнауға 10-15 минут уақыт жеткілікті. Оны екі түрлі нұсқада шығардым. Екінші формасын балаларға да, ересектерге де арнап өзін

ойластырдым. «Бестемше» негізінен, киіз үй пішінді, десе де оны күрделендіру мақсатында жаңа бір түрін шығарып, оны «Тұмар» деп атадым. Ойынның ережелері – үш тілде. Бренд атауына сай болсын деген мақсатта әрбір ойынның сыртында сөмкесі бар. Ықшамдалып жасалған ойындар кез келген жерге алып жүруге ыңғайлы. Әр ойын икемділік пен шапшаңдық секілді қасиеттерді талап етеді. Әсіресе мұны ойнаған баланың зейіні ашылып, логикалық ойлау қабілеті жетіледі. Ұлттық ойындар баланың ұлтына деген махаббатын арттыруға және тарихын тануға жетелейді. Ойынмен танысу барысында әр бала оның не себепті ағаштан жасалғанын, не үшін асықтармен ойналатынын және басқа да сұрақтарды қойып, қызыға түседі. Ал балалар өз ойынымызды ойнап, қызығушылық танытса, сол арқылы тарихымыз бен мәдениетімізді жақсы көрсе, қандай керемет?! «Талапаймен» танысқан балалар «тағы бір рет ойнайықшы» деп жиі сұрайды. Мен үшін бұл үміттің, еңбектің ақталғаны»

деді өз сөзінде жоба авторы.

«Талапай» сөзінің түбірі «тала» дегеннен шығады. Этимологиялық сөздікте «талапай» белгілі бір нәрсені бөліске салу деген мағынаны білдіреді. Атауын ойларда Айнұр «Талапай-ау, талапай, табылды ойын алақай» деп «Хан талапай» ойыны барысында айтылатын өлең жолын негізге алды. Яғни «жоғымыз түгенделіп, халық содан керегін таласып алса» деген ниетпен ойындар жинағын «Талапай» атады.

Өзі суретін салып, дизайнын ойластырған Айнұр Полатова бастау бастап жобасын несие алып бастады. «Талапайды» дамыту үшін қаржылық тұрғыда қиындықтар болғанын айтады. Көңілге медеу болған жайттар да болды. Соның бірі – Еуразия ұлттық университетінің бизнес-инкубаторындағы байқау. Студент аталмыш байқауға қатысып, 2-орын иеленіп, 100 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық ұтып алды. Бұл байқау жасампаз білім алушылардың жобаларын қолдауға бағытталды. Кейін «Талапай» үшін тағы бір мүмкіндік туды.

«Күн сайын түрлі мемлекеттік органдарға, дүкен желілеріне, тұлғаларға хат жазатынымын. Әрине, бастапқыда ешкім көңіл бөліп қарамады.

Сонда Dior, Louis Vuitton, Prada сынды шетелдік компанияларға да хат жібере бастадым. Әсіресе, Louis Vuitton былтыр Швейцарияда киіз үй формасында дүкен ашқан еді, сөйтіп «менің ұлттық ойыным киіз үйге ұқсайды, неге екеуін байланыстырып, сөмке жасамасқа?» деп хат жолдадым. Екі аптадан соң жауап келді. «Иә, бізге сіздің ұсыныңыз қызық, бірге жұмыс істеп көрейік» деп жазылған. Бірақ мен сенбедім, бәріне жаппай жіберетін формалды



хат болып көрінді. Кейін шақырту рас болып шықты, жақында Louis Vuitton компаниясына баруды жоспарлап отырмын. Киіз үй түріндегі сөмке жасау, келісімшарт сынды мәселелердің барлығы сол кездесуде шешілді» деді А.Полатова.

Бірқатар отандастарымыздың бағы елден гөрі, шетелде ашылады. Талапты қыздың да тілегі сол, ұлттық ойынды әлемге таныту. «Талапайды» сатып алуға өтініштер айтқандай, тек қазақстандықтардан ғана емес, Түркия, АҚШ, Нидерланды, Үндістаннан да келіп түсті. Бүгінде Айнұр Германияның Франкфурт қаласындағы Гёте атындағы университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуда. Мұндағы мақсаты – тек білім алып қана қоймай, жобаны одан әрі дамыту.

«Креативті индустрия Германияда жақсы дамыған. Бұл жөнінде мемлекет әлем бойынша 3-орында. Сондықтан жобаны ілгерілету мақсатында түрлі креативті хабтарға хат жолдадым. Сондай-ақ Берлиндегі Қазақ ассоциациясы жобаны көпшілікке таныстыруға шақырды. Өзімнің университетім тарапынан да студенттерге дәріс өткізіп, кездесуге шақырту алдым. Бұған дейін мектептерге де шақырған еді. Әрине, мұндай кездесулерге мен қуана барамын. Германиядан кейін, Еуропаны аралағым келеді. Жай аралап қоймай, жүрген жерімде ұлттық ойындарды насихаттауды көздеп отырмын» дейді ол.

Айнұрдың айтуынша, әзірше әлеуметтік желілерде танылып, сатылып жатқан ойындардың

болашағына, оларды дамытуға қатысты жұмыстар көп. Оның ұлттық ойындардың мобильді қосымшасын жасау, мектептерде үйірме ретінде оқушыларға үйрету секілді бірқатар ұсыныстары бар. Ұмытылып бара жатқан басқа ойындарды жаңғыртып, түрлі чемпионат ұйымдастыруды да жоспарлап отыр.

«Расында, бұл – өте маңызды жоба. Бұған жүрдім-бардым қарауға болмайды. Себебі мұның бәрі – халық ойыны. Ұлттық ойындарды қайта жаңғырту жағынан үлесім бар шығар. Бірақ ұмыт бола бастаған құндылықты халық назарына шығаруды көздеген меңде көпшіліктің көңілінен шықса екен деген ниет басым болғандықтан, әзірлеп жатқан дүниемнің сапалы болғанын қаладым. Десе де, бұл жобаны кәсіп ретінде көрмеймін. Себебі одан аз-маз ақша түседі де, кейін ол қаражат жобаға қайта құйылады. Сондықтан «Талапай» жобасы – мен үшін құндылық, мұра» деп сөзін қорытындылады ол.

Шыдамдылық, ептілік, ұшқырлықты дамытатын студент жобасы ұлттық ойындарымызға жаңа тыныс беретіні сөзсіз. Әсіресе, жас буынның қызығушылығынан «Талапайдың» болашағы зор болмақ. Балалардың да ой-өрісін жетілдіретін ұлттық ойындар бүгінгі күні аса қажет. Ойнай білмеген бала ойлай да білмейді. Көгілдір экранға телміргеннен не далада доп қуғаннан гөрі, қызық та, танымдық ақпарат та – «Талапайда».



ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА – ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Елордада осыдан екі жыл бұрын «АСТ Астана» әлеуметтік технологиялық бірлестігінің оңалту орталығы ашылған болатын. Бүгінгі күні ол 170-ке жуық ерекше қажеттілігі бар адамға қызмет көрсетеді.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

«АСТ Астана» әлеуметтік технологиялық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жасұлан Жасановтың айтуынша, мұнда ерекше жандарға ақысыз қызметтер көрсетіледі. Олардың қатарында массаж, жаттығу терапиясы сияқты маңызды оңалту шаралары бар.

– Біздің орталықта дене саулығын қалпына келтіру бойынша қызметтер көр-

сетумен қатар келушілердің психологиялық жағдайын жақсарту жұмыстары жүргізіледі. Атап айтсақ, мұнда логопед, массажист, ЕДШ нұсқаушысы көмек көрсетеді. Орталыққа келушілер физиотерапия, арт-терапия курстарын және басқа да қызметтерді ақысыз алады. Сондай-ақ біз маникюр, педикюр, визаж секілді әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер мен қайырымдылық көмектер көрсете отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдарға өз әлеуетін және ертеңгі күнге деген сенімділігін жоғалтпау-

ға мүмкіндік береміз, – деді Жасұлан Жасанов.

Оңалту орталығы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша жұмыс істейді. Мұнда иппотерапия әдісі қолға алынған. Сондай-ақ акупунктура, арт-терапия, музыкалық терапия курстары бар. Онда қолы икемге келмейтін ерекше жандардың кесте тігуіне және сурет салуына да мүмкіндіктер қарастырылған.

Орталық мамандары көмекке зәру жандарды қолдауға қашанда дайын. Әсіресе, әр науқаспен жеке-жеке жұмыс



істейтін логопед Индира Тоқтамсықызы, дефектолог Анель Манатқызы және реабилитолог

дәрігер Виктория Ғабдоллақызына келушілер дән риза.

Қысқасы, орталықта ерекше қа-

жеттілігі бар адамдар ешкімге тәуелді болмай, өз бетінше өмір сүруге дағдыланады.

№84 (4517) 18/07/2023 Сейсенбі

Жуырда ғана «Астана Балет» театрында елордамыздың мерейтойына орай елорда мәдени өмірінің тынысын ашатын Astana Ballet Gala концерті көрсетілді. Театрдың 10 жылдық тарихында сахналанған үздік қойылымдардың үзінділерінен құралған бағдарлама көпшілікті ерекше таңқалдырды.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

АСҚАҚ ӨНЕРДІҢ САЛТАНАТЫ

– Біздің театрымыз – Қазақстан өнерінің дамуына үлесін қосып жүрген дарынды әртістердің, хореографтардың, ұстаздардың өнерімен елге қызмет ететін киелі ордасы. Басты мақсат – көпшіліктің көңілінен шығатын бағдарламаны көрсету. Мұнда, әсіресе, балет өнеріне, классикалық керемет музыкаға құштарлығыңыз артып, әртістеріміздің талантына шын куә бола аласыз. Біз театрға келген өнерсүйер қауымның көңілінен шығу үшін әр детальға мұқият көңіл аударамыз, – дейді театр директоры Александр Совостьянов.

Мерекелік кеш бағдарламасы аясында «Астана Балет» театрының үздік қойылымдарынан, атап айтқанда, «Корсар», «Спартак», «Кармен-сюита», «Махаббат туралы аңыз» және тағы басқа айтулы классикалық және неоклассикалық спектакльдерінен, бразилиялық хореограф Рикардо Амарантенің «Diversity», «Love Fear Loss», «A Fuego Lento» туындыларынан, авторлық және ұлттық балеттерден

үзінділер көріп, сонымен қатар, «Шығыс рапсодиясы» және «Ұлы Дала мұрасы» концерттік бағдарламасына енген хореографиялық миниатюраларды тамашаладық. Бұған қоса, маэстро Арман Оразғалиевтың жетекшілігіндегі театрдың симфониялық

оркестрінің орындауындағы тамаша композицияларды тыңдадық.

– Театрымыздың тарихы – соңғы он жылдағы отандық хореография өнерінің даму жылнамасы. Мерейтойлық Astana Ballet Gala бағдарламасы театрымыз үшін маңызы зор


бағдарлама. Себебі бұл – біздің шығармашылығымыздың жарқын үлгісі. Осы он жыл ішінде сахналанған үздік туындыларымыздан үзінділер көрсетіп, көрерменге ұмытылмас көңіл-күй сыйлағымыз келді» деді хореограф Айгүл Тәти.

– Бұл бағдарлама – он жылдық тәжірибеміздің, барша әртістер, хореографтар, ұстаздар, театр қызметкерлерінің ерен еңбегі мен талантының көрінісі. Осы Gala бағдарламасы арқылы театрымыздың рухани мұрасын көз алдыңызға әкеліп, алған асуымыз бен жеткен жетістіктеріміздің үлгісін айқын көрсеткендей болдық. Осы бағдарламаны дайындау барысында бар шеберлігімізді паш етіп, баға жетпес уақытымызды қажыр-қайратымыз бен күш-қуатымызды танытуға жұмсадық» дейді театрдың көркемдік жетекшісі Нұрлан Канетов.



КИИЗ ҮЙДІ КӘРІСТЕРГЕ ТАНЫСТЫРДЫ

Астана қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №5 балалар кітапханасында «Киіз үй – қазақтардың қасиетті үйі» кітабының таныстырылымы өтті. Аталмыш еңбек Корея Республикасының Мәдениет, спорт және туризм министрлігі жанындағы Азия мәдениеті орталығының қолдауымен корей тілінде жарық көрді. Кітап авторы – мәдениеттанушы Зира Наурызбаева.



Автордың айтуынша, осыдан бір жыл бұрын оған Азия мәдениеті орталығынан қазақтың сәулет өнері жайында кітап жазуға ұсыныс түсті. Сол кезде Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы жазсам ба деп ойлады. Бірақ ойлана келе киіз үйге тоқтады.

– Біздің сәулет өнеріндегі бірегей, әлемде теңдесі жоқ туынды – қазақтың киіз үйі. Ол – өте озық ойдан туындады. Англия королі болған Чарльз ханзада өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Алматыға келіп, бір сағаттай мұражайдағы киіз үйде отырыпты. Өзінің мамандығы сәулетші екен. Шыққаннан кейін «Бұл – нағыз шедевр! Бас иеміз!» деп кетіпті. Еуропа XX ғасырда тапқан тәсілдерді біздің ата-бабаларымыз поленбай мың жыл бұрын жасап кетті. Бұл кітапты жазуда маған ең қиыны барынша қысқа жазу болды. Оның үстіне киіз үйі өмірінде көрмеген корей балаларына түсінікті болуы керек еді, – деді Зира Наурызбаева.

Кітаптағы суреттерді корей суретшісі Джонг Мён Пиль сал-

ды. Ол үшін Қазақстанға келіп, кітап авторы оны киіз үйдің қырсырымен таныстырды.

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева ны сөзінше, аталмыш кітаптың таныстырылымы Қазақстанның Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Аңыз – ертегі өнері» атты Азия комитетінің 15-кеңесі аясында ұйымдастырылды. Таныстырылымның мақсаты – Қазақстан мәдениетін, қазақтың салт-дәстүрлерін кітап арқылы насихаттау. Жиында Азия мәдени орталығы кітапханаға келген балаларға Орталық Азия елдерінің мәдениеті туралы кітаптарды сыйға тартты. Зира Наурызбаева да Лиля Калауспен бірге жазған «Бату мен достарының алтын тостағанды іздегені» атты кітабын сыйлады. Бұл кітап ағылшын тіліне аударылып, жақында АҚШ-тың Amazon publishing баспасында жарық көрді. Кітап қазір Amazon-ның Азия туралы кітаптардың рейтингінде бірінші орында тұр.

Жуырда Астана қаласы мемлекеттік архиві Мемлекет тарихы институтымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ЕЛОРДА ТАРИХЫН ЖАҢАША ЗЕРТТЕЙДІ

Меморандумның мақсаты – қала архивіндегі Тәуелсіз Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды кеңінен пайдалану. Келісім аясында «Тарих сыры – архив деректерінде» атты бірлескен жоба іске қосылды. Жобаның мақсаты – қазіргі заман тарихын архив деректері негізінде кешенді зерттеу.

«Архивпен тек тарихшылар қауымы ғана жұмыс істемеуі керек. Кез келген азаматқа немесе мекемеге өзіне қатысты құнды құжаттар қолжетімді болуы маңызды. Өйткені бірегей дерек көздері азаматтардың ортақ сана-сезімін, мәдениетті, қоғам және адам әрекеттерін түсіну мүмкіндігін арттырады. Осылайша, әрбір мекеменің, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының, білім-ғылым және өнер мен мәдениет ұйымдарының ресми сайттарында «Отан тарихы»

айдарын ашу қажеттілігі туындайды. Аталған бөлімде тарихи құжаттарды цифрландыру мен атаулы тарихи күндеріміз ескеріліп, соның ішінде әр мекеменің тарихы туралы ақпарат болуы маңызды. Бұл мәселеге уақыт өте келе ұйымдар саналы түрде қадам жасайды деп сенемін» деді Мемлекет тарихы институтының директоры Нұрбек Пұсырманов.

Жиында Астана тарихы жаңа тұрғыдан зерттеуді қажет ететіні, себебі оның топтастырушы және жастарды шоғырландырушы рөлі артып келе жатқаны, енді елорда тарихын зерттегенде саяси-әкімшілік орталық ретінде ғана қарастырмай, экономикаға тиімділік әкелетін, жаңа сападағы ұлтты қалыптастыру бағытына да көңіл бөлу керектігі айтылды.

Ғазиза ИСАХАН

КЕНЕП БЕТІНДЕ – ҚАЛА КӨРІНІСТЕРІ

Ұлттық музей қорларында қылқалам шеберлерінің кешегі Ақмола, Целиноград, бүгінгі Астана көріністерін бейнелейтін картиналар жинақталған. Жуырда ел назарына ұсынылған соның екеуін таныстырамыз.

Липецк облысында туған суретші Виктор Холуев Ленинградтағы И.Репин атындағы Кескіндеме, мүсін және сәулет институтын бітірді. 1961 жылдан Ақмола қаласында тұрып, еңбектенді. 1984-1991 жылдары Целиноград қаласының Суретшілер одағының төрағасы болды. Оның 1965 жылы салынған «Алғашқы қар. Целиноград» картинасында сол кезгі жер үйлер, жол бойымен жүріп бара жатқан жүк көлігі, шағын автобус, жүргіншілер бейнеленген.

Ал Алексей Тереховтің суреті «Бораннан кейін» деп аталады. Қылқалам шебері Ташкент қаласында

дүниеге келген. 1963 жылы Иркутск Көркемсурет училищесін бітіргеннен кейін Целиноград көркемсурет шеберханасына көркем безендіруші болып қабылданды. КСРО Суретшілер одағының және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Қазақстанның Мәдениет қайраткері атағын да алды. «Бораннан кейін» туындысы пейзаж жанрында салынған. Автор суретінде суық түстерді пайдаланған. Жұрт назарына шығарылған оның «Ауыл» деп аталатын екінші картинасы осыдан ширек ғасыр бұрын, 1999 жылы салынды.



Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №84

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ